

Қаржыландыру келесі мақсаттар үшін берілмейді:

- қосалқы лизингке
- заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға
- бұрын жасалған шығынды өтеуге, жеке және (немесе) заңды тұлғалардан қаржылық көмек алуға байланысты туындаған берешекті төлеуге
- тұтынушылық несиелендіруге
- қаржыландырумен айналысатын басқа ұйымдардан алынған күші бар заемдарды қайта қаржыландыруға, ішкі қайта қаржыландыруды есепке алмағанда
- құрылтайшыларға дивидендтер төлеуге
- шаруашылық қызметтің шығынын өтеуге
- сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметтерін төлеуге
- қаржыландыруға байланысты комиссияларды, алымдарды және (немесе) өзге төлемдерді төлеуге
- құнды қағаздар алуға (портфельдік инвестициялар)
- оффшорлық аймақтарда тіркелген/ашылған контрагенттердің заңды мекенжайы және/немесе банктік шотының деректемелері туралы ақпарат бар кез келген келісім-шарттарды/ мәмілелерді/ келісімдерді төлеуге
- үлестес тұлғалардан негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға
- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сай жалған немесе көлгірлік белгілері бар мәмілелерді төлеуге
- темекі, ішімдік өнімдерін, шошқа өсіру шаруашылығының өнімдерін және моторлы көлік құралдарын шығаруды қажет ететін ату жарақтарын өндіруге және (немесе) саудалауға байланысты шығаруды және көтерме саудалауды қажет ететін мақсаттарға
- қару-жарақты (оның ішінде қару-жарақ өндіруге арналған құрамдас бөлшектерді), құрамында есірткі бар заттарды немесе азаматтық айналымнан алынған өзге мүлікті өндіру немесе жеткізу қарастырылған жобаларды жүзеге асыруға
- құмар ойын бизнесін ұйымдастыру/ дамыту қарастырылған жобаларды жүзеге асыруға
- лаңкестік және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған кез келген басқа іспен айналысу қарастырылған жобаларды жүзеге асыруға
- қаражатты шетелдік валютаға ішінара/толық айырбастауға, осы ретте осындай айырбастау күнінде жобаның мақсатына сай айырбастау сомасына негізгі құрал-жабдықты сатып алу мәмілесін/алдын ала мәмілені/келісім-шартты жасау туралы тиісінше мәміле (келісім-шарт)/шекті келісім/ниеті туралы хат болмаса

Қаржыландыру келесі субъектілерге берілмейді:

- акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50% немесе одан да көп бөлігі тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар мен ұйымдар құрылтайшылары болып табылатын бизнестер
- коммерциялық емес ұйымдар
- шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар немесе қазыналық кәсіпорындар
- заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сай ірі кәсіпкерлік субъектілері
- жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын бизнестер